


**БАЛАБАҚША  
БАЛАЛАРЫНА  
АРНАЛҒАН  
ШАТТЫҚ  
ШЕҢБЕР  
ЖИНАҒЫ**





*Қол ұстасып, дөңгеленіп,  
Тұра қалдық екеуміз.  
Өзіміз де дөңгелек  
Күнге үқсайды екенбіз*

*Аманбысың, алтын күн!  
Аманбысың, жарқын күн!  
Маган жылу, жарық бер,  
Куаныш пен шаттық бер.*

*Мына аспан астында  
Жақсы дос көп табылар  
Мен де соның бірімін,  
Сыйлығымды қабыл ал!*

*Жарық болса куніміз.  
Жарқын шыгар үніміз.  
Елін сүйіп ержетер  
Біз болашақ гүліміз!*





*Достарымның барлығын,  
Сыйлап, жақсы көремін.  
Алақаным арқылы  
Жылуымды беремін.*

*Сиқырлы айнадан  
Өзімді көремін.  
Бақыттан жайнаған.  
Көзімді көремін.*

*Асапан ашиқ, көгілдір  
Күн шуағын төгіп тұр!  
Қол ұстасқан біздерді,  
Тереземнен көріп тұр.*





*Күн жылудын аямасын,  
Шуагын аяласын.  
«Достық» деген бәйтеректі  
Барлық бала саяласын*

*Шаттанамын, күлемін,  
Бақытты бол журемін.  
Қатар тұрадар шеңберде  
Досым көбін білемін*



*Күн шуагын жинаймын.  
Достарыма сыйлаймын.  
Күн жылудын аямасын,  
Шуагымен аяласын.  
Достық деген бәйтеректі  
Барлық бала саяласын.*



*Аспан ашиқ , көгілдір,  
Күн шуағын төгіп тұр  
Қол ұстасқан біздерді  
Тереземнен көріп тұр.*

*Күнім күліп арайлы,  
Тереземнен қарайды.  
Достарыммен шеңберге,  
Тұрганымды қалайды*

*Бақыт толы шеңберге,  
Шаттық толы шеңберге,  
Қол ұстасып келдік біз,  
Жан достармыз енді біз*





*Шақырамын сендерді  
Жолдастарым кел бері  
Толтырайық шаттықса,  
Дөнгеленген шеңберді.*

*Бақыт деген-  
Осы шаттық шеңбері  
Қол ұстасып  
Тұрайықшы, кел бері.  
Бақыт деген-  
Көрмей қалса сағынып,  
Мені іздейтін  
Адал жүрек сендеғі.*

- *Ал, балалар тұрамыз,  
Айналаны шоламыз.*
- *Жауқазындаи жайқалып,  
Бәйшешектей иіліп,  
Сәл тынығып аламыз.  
Біз гүлдерше өсеміз,  
Жапырагы жайқалған.  
Сабактары салалы,  
Желге ыргалып шайқалған.*





*Кел, балалар, күлейік,  
Күлкіменен түлейік!  
Қабақ түйген не керек,  
Көңілді бол жүрейік!  
Кел, балалар, күлейік!  
Күлкіменен түлейік!  
Күлкі көңіл ашады,  
Күліп өмір сүрейік!*

*Көтеріліп шаңырақ,  
Уықтары шанышылар.  
Керегелер керіліп,  
Өрімдей бол өрілер.  
Бәріміз жүрсек айналып,  
Киіз уй болып көрінер.*

*Көк аспанда күн кулсін  
Бірге кулсін бұлдіршиң.  
Көк аспанда күн кулсін  
Жерге ұдайы нұр құйсын.*





*Күлімдеген күн мейірімді!*

*- Кішіксіз ақ қар мейірімді!*

*- Таза мөлдір су мейірімді!*

*- Бәрімізді көтеріп тұрган жер мейірімді!*



*Күн нұрындаи көңілім,  
Даламдай кең пейілім.  
Жүрегім толы мейірім,  
Бәріне ортақ шуагым,  
Қайырымды боламын.*



*Жарқырап кунде ашылды,*

*Айналага нұр шашылды.*

*Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!*

*Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз*





*Куанамын менде, қуанасың сен де.  
Куанайық достарым,  
Арайлап атқан күнге.  
Бугінгі күніміз сәтті өтсін.  
Сәттілік тілеймін бәріңе*

*Кол алысып, қәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрыңдар шеңберге.  
Қандай жақсы бір тұру,  
Достарменен бір журу!  
Қандай жақсы дос болу!*



*Аспанда күн жарқырайды алақай.  
Атқан таңға иіліп бір сәлем беріп,  
Бақыт тілеп бір-бірімізге осылай.  
Қайырлы таң! Қайырлы күн!*





*Күнмен бірге тұрамыз ,  
Күспен бірге ән саламыз  
Қайырлы таң! Ашық күн!  
Көңілді біз баламыз.*

*Жылды-жылды жұзбенен  
Күлімдейін қарайын  
Жылды-жылды жұзбенен  
Жүрегімді сыйлайын.  
Амандастып өзіңмен  
Құшақтасып алаіын*



*Достар бірге жүреміз  
Бірге ойнат күлеміз  
Бірге балық аулаймыз  
Міне біздер қандаймыз*



*Қайырлы таң балалар!  
Жарқырады қаламыз,  
Жайнай түсті даламыз,  
Қайырлы таң балалар!  
Аман Отан панамыз,  
Аман ата-анамыз,  
Қайырлы таң балалар*

*Арайлап таң атты,  
Қайырлы таң балалар!  
Алтын шапақ таратты,  
Әлемде нұр тыныштық,  
Әрбір бейбіт күн ыстық!*



*Ерте тұрып күнде мен  
Тереземді ашамын.  
Сәлем деймін күнге мен  
Шаттық әнге саламын.*





*Жарық болсын күніміз  
Жарқын болсын үніміз  
Елін сүйіп ер жетер  
Біз болашақ гуліміз*

*Арайлан таң атты  
Алтын сәуле таратты,  
Шашып бізге шапағын,  
Тілейміз сізге ақ таңыңың,  
Куанышым, шаттығын  
Қайырлы таң!  
Қайырлы күн!*

*Біз балдырган тең басқан  
Дос құшагын кең ашқан  
Тілегіміз тыныштық  
Ашық болсын кең аспан  
Мақты болсын іргеміз бәрімізде біргеміз*





*Ертемен ақ пейілмен:  
«Қайырлы таң!» - деймін мен.  
Күндіз де елді елеймін:  
«Қайырлы күн!» - тілеймін.  
Үйге кешке келемін,  
«Кеш жарық!» - деп кіремін*

*Армысың қайырымды аспан ата,  
Армысың қайырымды жер ана,  
Армысың қайырымды алтын күн,  
Куан, шатан, алақай  
Келді міне, жарқын күн.*



*Қайырлы таң, қайырлы күн  
Қайырлы таң, қайырлы күн.  
Кәне, кәне тұрайық,  
Улken шеңбер құрайық.  
Тұрсақ егер шеңберге,  
Алақанды ұрайық*



*Армысың, шұғылалы нұрлы күн!*

*Армысың қасиетті Жер – ана!*

*Армысыңдар менің достарым.*

*- Күніміз жарқын болсын!*

*- Аспанымыз ашық болсын!*

*- Деніміз сау болсын!*

*- Күніміз сәтті болсын!*

*Қайырлы таң, құсқа, аңға да,  
Қайырлы таң, жайдары жанға да,  
Қайырлы таң алға ассын,  
Кешке дейін жалгассын!*



*Отбасында гүліміз,*

*Көңілді өтер күніміз.*

*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*

*Бір болып кеште қайтамыз.*

